

*Құрметті Атырау университетінің студенттері!
Ұстаз мектебінің дарынды оқушылары!*



Сіздерді әрбір адамның өміріне ерекше әсер қалдыратын қуанышты кезең – жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын!

Әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі қазақ елінің болашағы жас жеткіншектерді білікті тұлға болып қалыптастыруға бағытталған білім ордасымен тікелей байланысты. Сондықтан бүгінгі жастар ілім - білім жинауға қашанда асығып, тәуелсіз еліміздің игілігі жолында білімдерін ел кәдесіне жаратып, болашақта озық ойлы, өрісі кең, өрелі азаматтары болуы қажет.

Атырау университеті мен Ұстаз мектебі Сіздердің білімді тұлға, білікті маман болып қалыптасуларыңызға үлкен қолдау көрсетуге әрқашан дайын. Баршаңызға жаңа оқу жылында жарқын жетістіктер мен сәттіліктер, шығармашылық табыс, мықты денсаулық тілеймін.

Құрметпен, Басқарма төрағасы-ректор С.Идрисов



«Ұстаз» мектебі – болашақ ұстаздар ордасы

1 қыркүйек - Білім күні мерекесінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жанынан құрылған дарынды ер балаларға арналған «Ұстаз» мектебінің ашылу салтанаты өтті.

Шара барысында "Ұстаз" мектебінің директоры Сәнім Қалуоваға ректор Саламат Нұрмұханұлы Білім кілтін табыстап, білім ордасы нәтижелі жетістіктердің бастауы болуына тілек білдірді.

Арнаулы мектептің негізгі мақсаты – білімді оқушылардан бәсекеге қабілетті педагогтерді дайындап шығару.

Мектепке қабылданған оқушылардың жүзінен қуаныштың табы сезіліп, әсерге толы көңіл-күйлерін жасыра алмады. Ерекше толқыныстарынан өлең оқып, өздерінің шынайы сезімдерін жеткізді.

Ата-аналарымен бірге университет аудиториясында профессор-ғалымдардың арнау сөздері мен тілегін тыңдаған оқушылардың мерейі көтеріліп, жаңа оқу жылына сеніммен қадам басты.

Р.С. Ер балаларға арналған педагогикалық даярлық мектебі университет жанында 1989-1995 жылдар аралығында жұмыс істеп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елімізге жүздеген білікті мамандар дайындаған болатын. Соның бүгінгі жалғасы – «Ұстаз» мектебінің болашақ ұстаздары болмақ.



Президент Жолдауы жетістікке жетелейді

Халықтың әл-ауқаты мен құқығын, тұрмысын қолдауға арналған Жолдау қашан да қолдауға ие. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, экономикасы мен әлеуметтік деңгейі - маңызды фактор.

1 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды. Қазақстан халқының әлеуетін көтеруге, еліміздің тыныштығын сақтауға, білікті кадрларды дайындауға, білім саласының сапасын жүйелендіруге, педагог мәртебесін көтеруге, ауыл шаруашылығы сала-

сын дамытуға, қоғамдық денсаулықты арттыруға бағытталған Жолдауды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері тыңдады.

Жолдауды талқылау барысында білім саласына қатысты ауқымды жобаларды жүзеге асыруға жоспар дайындалды.



Факультет ұжымы студенттермен тығыз байланыста

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінде 1 курстарға арналған бейімделу аптасы белсенді жүргізілді. 1 қыркүйек күні факультет деканы Қорған Бибінұр Бүркітқызы университетке жаңадан қабылданған студенттерге университетті танысу шарасын ұйымдастырды.

Университет тарихынан сыр шертіліп, білім ордасының білім, ғылым, тәрбие процесіне студенттерді белсенді араласуға шақырды. Факультет студенттері санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отыра, профессор-оқытушыларымен, кураторлармен өткен кездесуде көптеген пайдалы деректермен танысты.

Факультеттің атынан 1 курс студенттеріне табысталған «Студент күнделігінің» ішінде: «Енді сен – Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің бір мүшесің», «Бұл – қабілетің мен талантың ашылатын, шығармашылық дамуыңа жағдай жасалған орта», «Тәрбие – адам

тағдырын шешетін ұлы іс. Әрқашан тәртібінді қадағала. Білікті және белсенді болуыңның негізі – тәрбие», «Кітап оқуды сөнге айналдыр. Мақсаттарыңа тез жетуге мүмкіндік туады», «Қосымша оқу – болашақта артық табыс табуыңның кепілі» сынды мотивациялық сөздер, білімге және оқуға шақыратын құнды ойлар жазылды. Болашақтарын білім ордасымен байланыстырып, үздік оқу талпынған студенттер ел Президентінің Жолдауын талқылап, өз пікірлерін білдірді.

Жадыра НӘЖІП,
Факультет деканының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Үздік танылған «Үздік шабуылшы»

Атырау университеті оқытушыларынан құралған футбол командасы 3 айға созылған жазғы чемпионатта жоғары деңгей көрсетіп, Атырау облыстық чемпионатында 2-орын иеленіп, күміс жүлдегер атанды.

Чемпионат қорытындысы бойынша жасырын дауыс беру арқылы "Atyrau University" командасының аға жаттықтырушысы және капитаны – Амантай Мұханбетәлі «Үздік шабуылшы» номинациясымен марапатталды.

Жеңіс тұғырынан көрінген осы жарыс нәтижесінде команда мүшелері мен спорт шеберлері, жаттықтырушылар Амантай Мұханбетәлі, Самат Шарипов және Руслан Сұлтанғалиевтердің де еңбектері зор.



Америка Құрама Штаты делегациясы – университетімізде

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне Аризона университетінің өкілдері келді.

Білім ордасы ұжымымен кездесу барысында жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықтың мүмкіндіктері талқыланды. Делегацияның бас өкілі – Аризона университетінің халықаралық істер жөніндегі проректоры, құқық профессоры Brent Thomas White өз еліндегі ғалым білім саласына қатысты тың идеяларымен бөлісті, инновациялық жобалар бағыты, университетінің даму жоспары ортаға салынды.

Шетелдік әріптестер университетіміздің маңызды нысандарын аралады. Химия-биология бағытындағы соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған зертханалармен танысты.

Американың аталған Жоғары оқу орны әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарына кіреді. Сонымен қатар студенттеріміздің екі дипломды білім алу мүмкіндіктері қарастырылды. Аризона университетімен болашақта жасалатын ынтымақтастық екі жақты студенттері мен оқытушылары үшін мол мүмкіндік беретіндігі баса айтылды. Бұл бағытта шетелдік қонаққа университетіміздің жетістіктері мен марапаттары туралы құнды ақпарат берілді.

Атырау университетінің ұжымы көп жылдық тәжірибесін шетелдік әріптестермен бөлісуге ынтымақ екендіктерін білдірді. Бұл – өзара іскерлік ынтымақтастықтың алғышарты.

Әріптесіміз - Азия құрлығының бас хатшысы

Румыния мемлекетінің Констанца қаласында "Беллаш" белбеу күресінен алғаш рет кеңейтілген дүниежүзілік конгресс өтті. Жиынға әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған 35 мемлекеттің өкілдері қатысты.

Шара барысында беллаш күресінің Президенті, әлем құрлықтарының жетекшілері мен құрамы сайланды.

Конгресс құрамының шешімімен әріптесіміз Хабиров Рафаэль Ралитұлы Азия құрлығының бас хатшысы болып тағайындалды.





Студенттік өмір – көтеріңкі көңіл

Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отыра, Жастар саясаты Департаментінің ұйымдастыруымен 1 курс студенттеріне арналған танысу шарасы өтті.

Еркін форматта ұйымдастырылған шараның алғашқы бөлімі Жастар саясаты Департаментінің жетекшісі Гүлнұр Саясатқызының тілегімен басталды. Аталған Департаменттің жетекшісі маманы Сайран Сабырұлы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдық өмірмен айналысуына толық жағдай жасалғандығын атап өтті. Жекелей айтқанда, «Халел Гранд» көңілді тапқырлар клубы, «Ақтаңгер» ақындар клубы, «Адал ұрпақ» клубы,

«Асу Үміт» қайырымдылық клубы, «Асу Медиа» орталығы, «Болашақ» спорт клубы, Студенттік кеңес, «Самғар» студенттік театры т.б. студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары қабілеті мен дарынына, қызығушылығына қарай студенттерді мүшелікке қабылдайтындығын мәлімдеді. Жалғасын концерттік шарамен ұластырған өнерлі студенттер көңілді әзілдерді, қызықты ойындарды, әдемі әуендерді ортаға салды. Шара соңында қатысқан барлық студенттер естелік фотоға түсті.



Маңызды мәселелер қозғалды

Орыс филологиясы кафедрасы арнайы қонақтар мен студенттердің қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Мақсаты – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жариялаған Жолдауды талқылау, жүйелі жоспар бағытында жұмыстану, үш тұғырлы тіл саясатының ауқымын кеңейту, мемлекеттік тілді құрметтеу.

Арнайы шақырылған қонақтар мағыналы тұжырымдары мен құнды пікірлерін ортаға салды. Солардың бірі – «Былина» этномәдени бірлестігінің жетекшісі Андрей Кораблев Президент Жолдауында жарияланған Қазақстан халықтарының бірлігін нығайту, халықаралық ынтымақтастықты

күшейту, мемлекеттік тілді құрметтеу, осы бағытта қазақ тілін үйренуге, ауқымын кеңейтуге арналған арнайы сөздік дайындауды жоспарлау сынды маңызды аспектілерді ескеруді баяндады.

Мағыналы отырысты әрмен қарай әрлеген Ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Гүлбаршын Ерсайынқызы студенттерге шынайы тілегін жеткізді.

Мазмұнды ақпараттар алаңына айналған дөңгелек үстел жоғары дәрежеде өтті.

Екпе алу – ең тиімді шешім

Жастар саясаты Департаментінің ұйымдастыруымен университет студенттеріне арналған вакцина туралы толық, пайдалы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында арнайы мамандармен кездесу өтті.

Алғашқы сөз кезегін алған Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Ләйлә Қойшығұлова "Екпе алу – індетпен күресудің алғашқы қадамы" екенін алға тартты.

Әлемге тараған бұл індетті ауыздықтаудың тиімді жолы – вакцина. Кездесуде құнды ақпараттармен бөліскен эпидемиолог дәрігер Өміргүл Қостаева мен Жанұялық денсаулық орталығының меңгерушісі Салтанат Берліғожина вакцинаның қолайлы тұстары туралы баяндады. Яғни, адам өміріне қауіпсіз екенін түсіндірген екпе жайында кеңінен айтты. Олардың пікірінше, екпе алу – өмір қауіпсіздігін нығайтуға арналған басты фактор. Демек, вакцина – қорғаныш құралы.



Грант иегері анықталды

Заңи тұрғыдан сауатты, білімді болу аса маңызды. Осы тұрасында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Мен Конституцияны жатқа білемін» конкурсы өтті.

Конкурстың мақсаты – Қазақстан Республикасы Конституциясын ұлығылау, құқықтық сауаттылықты арттыру, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, азаматтарды, оның ішінде жастарды ынтыландыру.

Еліміздің басты Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеуге, облысымыздың жоғары және арнаулы орта орындарының құқықтану мамандығына түсетін талапкерлері мен оқып жүрген

студенттеріне білім грантын алуға ықпалдасатын атаулы конкурс дәстүрлі түрде 6-рет ұйымдастырылып отыр. Биылғы конкурсқа барлығы 40 адам өтінім қалдырып, ақтық кезеңге жолдама алған 20 үміткер бақ сынады.

Конкурстың қорытындысымен екі кезеңде де жоғары нәтижеге қол жеткізген Құқықтану мамандығының 2 курс студенті Медетова Мөлдір Болатқызы жеңімпаз атанып, білім грантын иеленді.



Әкім «Алғыс хаты» - Әбілмансұрда

Тамыз айында Атырау қаласының әкімі Қайрат Оразбаев спорт саңлақтарын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Мерекелік кездесуде қала әкімі спортшыларға жоғары жетістіктері үшін арнайы Алғыс хат табыстады. Олардың қатарында жас спортшы, Инновациялық білім беру факультетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті Әбілмансұр Батырғали марапатталып, үздіктер қатарынан көрінді.



Ардагерлерімізді ардақтайық!

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Ардагерлерді ардақтайық - Атырау» салтанатты іс-шарасы өтті.

«Атырау облысының Азаматтық Альянс» Занды тұлғалар бірлестігі ҚР Ақпарат және Даму министрлігі жанындағы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» және «Atamnyn Apanatu» Қоғамдық бірлестігінің қолдауымен «Ардагерлер ұйымдарының бастамасын қолдау» атты жобасы аясында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай еліміздің дамуына үлес қосқан ардагерлерді, зейнеткерлерді ұлығылау шарасы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Атаулы іс-шараға өңіріміздің дамуына үлес қосқан ардагерлермен қоса, белсенді жастар, жергілікті аркарушы орган өкілдері, БАҚ өкілдері белсенді қатысты.

Өңірдегі эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, онлайн форматта ұйымдастырылған шарда алғашқы құттықтау сөз Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы басшысы орынбасары Злиха Елеубайқызы Таласбековаға ұсынылды. Құттықтау легін әрмен қарай шараға арнайы Нұрсұлтан қаласынан онлайн қатысып отырған «Atamnyn Apanatu» Қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Алия Нұрпайқызы жалғады.

Ардагерлерімізді марапаттаған Атырау облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы хатшылығы басшысы Гүлмира Мүслімқызы Шакирова қатысушыларға арнайы сыйлықтарын табыстады. Әдемі әуенмен әрленген шара ардагерлердің шынайы лебіне ұласты.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ РЕКТОР

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жариялаған ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар өзекті мәселеге айналды. Өйткені, сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстандағы ЖОО дағдарысы кезінде университеттерді басқарып, оны халықаралық деңгейге көтерген ректорлар корпусында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 1991–1999 жж. ректоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Қоғамдық Ғылымдар академиясының академигі, «Парасат» орденінің иегері, Атырау қаласының құрметті азаматы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хисмет Бозанұлы Табылдиевтың еңбегі зор деп есептеймін.

Хисмет Бозанұлы Табылдиевтың Атырау мемлекеттік институтын Х. Досмұхамедов атындағы өңірлік мемлекеттік университетке айналдыру бағытындағы ерен еңбегі, тарихшы ғалым ретінде отан тарихы, ҰОС тарихы, өлкетану, археология, этнография және тарихтағы жеке тұлғаларға байланысты еңбектері бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Сондықтан, Хисмет Бозанұлы Табылдиевтың 85 жылдығы қарсаңында Атырау университеті мен Атырау өлкесінің тарихын жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн. Себебі, тәуелсіз даму өткенді мұқият зерделемей, келешекті кеңінен болжамай, жүзеге аса қоймайды. Сондықтан да, қалың жұртшылық бүгінгі ұлттығымыз бен мемлекеттігіміздің тарихи бастауларына айрықша назар аударуда.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында кезінде «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін түгендеуге жол ашты. Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыттар бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Бұрын бәймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатынын айғақтайтын жаңалықтар ашылды... Мұндай іргелі ізденістердің нәтижесі тек осы сала мамандарының игілігіне ғана айналды орынсыз. Оны қалың жұртшылыққа түсінікті және қолжетімді ету қажет. Өйткені тарихшылардың ғана емес, барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуға тиіс... Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек.

Атырау өңірінде осындай тұлғалар баршылық. Солардың бірегейі, бар өмірін ұлттық тарих ғылымына арнаған абзал азамат, ғалым-ұстаз Хисмет Бозанұлы Табылдиев.

Х.Табылдиев ғылыми мұрасы мен өмірбаянын зерделегенде, назарға түсетін басты нысана Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті екені сөзсіз. Аталған білім ордасы – қасиетті де қазыналы Атырау өлкесіндегі ірі ғылыми оқу орталығы.

Х.Б.Табылдиевтің көрнекті ғалым ғана емес, ел танытын әрі сүйсініп сыйлайтын абзал азамат болып қалыптасуында Гурьев педагогика институты мен Атырау университетінің алар орны ерекше. Оны ғалым ұстаздың өмір жолын сараласақ толық аңғарамыз.

Табылдиев Хисмет Бозанұлы 1936 жылы дүниеге келген, 1962 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітірген. 1963 жылдан бастап Гурьев педагогикалық институтында аға оқытушы, доцент, 1992 жылдан бастап профессор.

1976–1991 жылдары Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің сырттай оқу бөлімінің проректоры, 1991–2000 жылдары университет ректоры. ҚР Қоғамдық Ғылымдар Академиясының академигі.

2000–2008 жж. Атырау облыстық маслихатының депутаты, хатшысы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының Атырау облыстық филиалының төрағасы, «Атырау» газеті бас редакторының орынбасары, университет ректорының кеңесшісі. Х.Б.Табылдиев «Парасат» орденімен, «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстанның 10 жылдығы», «Қазақстан Парламентінің 10 жылдығы», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «10 лет Ассоциации вузов Прикаспия», «60 років визволення України від фашистських загарбників» медальдарымен, «ҚР білім беру ісінің үздігі», «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Атырау облысы, Атырау қаласы әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Атырау қаласының, Атырау облысының және Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы.

Ғалым болу – бұл жүрек қалауы. Шынайы ғалым саясат пен идеологидан тыс. Бұл анықтама Қазақстан Республикасы қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Хисмет Бозанұлы Табылдиевке қатысты айтылса керек.

Хисмет Табылдиев 1962 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген соң туған жері Атырауға келіп, мектепте тарих пәнінің оқытушысы болып, өзінің алғашқы еңбек жолын бастады. Бірақ



жүрек қалауы, таңдауы бойынша ол ғалым болды. Бір жылдан соң мектептегі жұмысын тоқтатып, институтта тарих пәнінің оқытушысы ретінде жұмысын жалғастырды.

Хисмет Бозанұлы Гурьев өлкесінің тарихын зерттеуді бастады. 1973 жылы танымал академик С. Зимановтың жетекшілігімен «Социалистік Гурьевтің тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. ҚР ҰҒА академигі Салық Зиманұлының өз шәкірттері мен диссертанттарына қаншалықты талапшыл болғандығын көптеген ғалымдар жақсы біледі. Хисмет Бозанұлы өз тақырыбын жетік, мінсіз білгендігінің нәтижесінде барлық сынақтан өтті. Гурьев қаласының 1916 жылға дейінгі және одан кейінгі тарихын Х.Табылдиев зерттегендіктен, диссертация қорғау барысында Ғылыми кеңес оның отандық тарихнамаға қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Ал, 1997 жылы академик Манаш Қозыбаев жетекшілігімен «Қазақстандағы сауатсыздықты жою: тарихи тәжірибе» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Х. Табылдиевтың Ғылыми еңбектерінің негізі 12 томдық «Үлкен Қазақ Кеңес энциклопедиясында», 3 томдық «Боздақтар» жинағында, Атырау облысының энциклопедиясында жарияланды, «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Сауатсыздықтан – білім шыңына», «Құрманғазы Сағырбаев», «Кіші жүз рулары», «Сарайшық – орта ғасырлық астана», «Қазақстанда сауатсыздықты жоюдың қиыншылықтары», «Гурьев қаласының тарихы», «Өзгерген өмір, жаңарған өңір: Атырау облысының құрылғанына 70 жыл толуына орай тарихы мен жылнама шежіресі» атты ғылыми монографиялардың, 250-ден аса ғылыми танымдық мақалалардың авторы. Кейін тарихшы ғалым Жәмиға Тәжікқызы Таңатарованың құрастыруымен және Хисмет бозанұлының өмірлік жары майра Ғилақызының мұрындық болуымен ғылыми құнды «Атырау қаласының тарихы», «Атырау облысының тарихы» атты монографиялары жарық көрді. Шәкірттерінің ғылыми мақалалары жазылып, бірнеше дипломдық жұмыстар мен магистерлік диссертациялар қорғалды. 2019 жылы «Хисмет Табылдиев және тарихи өлкетану негіздері» атты халықаралық ғылыми конференция өткізілді.

Ал, 2020 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Қазақ университеті» баспа үйі атақты тұлғаларға, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ғалымдарға, педагогтерге, Қазақстанның білім және ғылым саласын ұйымдастырушыларға арналған «Өнегелі өмір» сериясынан ғалым, педагог, профессор, тарих ғылымдарының докторы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры Хисмет Бозанұлы Табылдиевтің өмірі мен шығармашылығына арналған көлемді еңбек шықты (Редакциялық жұмыс тобы: М. Ғилақызы, Б.Х. Табылдиев, Е.Х. Табылдиев, С.Ж. Сапанов)

Хисмет Бозанұлы ғылыммен қатар уақытты, іскерлікті, ұйымдастырушылық шеберлікті, адамгершілік қасиеттерді қажет ететін жоғары оқу орнының проректор қызметінде 17 жыл еңбек етті. Ол аталмыш қабілеттері арқылы басшылар, оқытушылар мен студенттер арасында жоғары беделге ие болды.

1991 жылы Хисмет Бозанұлы Табылдиев Гурьев педагогикалық институтының ректоры қызметіне тағайындалады. Ал 1994 жылдан бастап педагогикалық институт университет мәртебесін алады.

Жұмысты сауатты ұйымдастырудың нәтижесінде университет еліміздегі жетекші оқу орындарының біріне айналды. Ректордың ұсынысы бойынша университетте төрт мамандық бойынша аспирантура ашылды: педагогика, философия, тарих және биология.

Білім беру жүйесінің экономикалық қиындықтарына қарамастан, университеттің материалдық-техникалық базасы едәуір жақсарды.

Ғалым білім алуда экономиканың, мемлекеттік саясат пен демократиялық реформалардың әсерін терең талдады. Соңғы уақытқа дейін 1917–1921, 1932–1933 жылдардағы ашаршылық, 1937–1938 жылдардағы репрессиялардың білім беру үрдісіне әсері туралы айту мүмкін болмады. Хисмет Бозанұлы Табылдиев отандық тарихта бұл мәселені алғашқылардың бірі болып көтерді. Оның ғылыми ізденістерінің тағы бір жағы, зиялы қауымның сауатсыздықпен күресте қосқан үлесі болып табылады. Х.Б. Табылдиевке дейін бұл тақырып отандық тарихнамада жеке зерттеу нысаны ретінде көтерілген емес.

Кеңес өкіметінің сауатсыздықпен күресте қол жеткізген жетістіктерін баяндай келе, ғалым олардың қазақтардың мәдени және рухани дамуына тигізген әсеріне талдау жасады. Кеңес өкіметі тұсында сауатсыздықпен күрес мемлекеттік деңгейде жүргізілді, көп қаражат бөлінді, бұл сөзсіз оң нәтиже берді. Сонымен бірге билік елеулі қателіктерге де жол берді. Мысалы, ұлттық мәдениет пен тілдің әлсіреуі. Зерттеуші бұған ерекше назар аударып, теріс тенденциялардың негізгі себептерін ашып көрсеткен. Оның пікірінше, теріс үрдістерге әсер еткен факторлардың ішінде, алдымен араб жазуынан латын, содан кейін кириллицаға көшу, сонымен қатар оқу-тәрбие жұмысын саясаттандыру. Ғалымның пікірінше, ең үлкен әділетсіздік Алаш зиялыларының шығармаларын оқуға тыйым салу болды.

Ол өз елкісінің білгірі болды. Оның тікелей қатысуымен аймақтың, тұтастай алғанда, Батыс Қазақстанның шежіресі құрылды. Ол «Гурьев қаласының тарихы», «Кіші жүздің тарихы», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Құрманғазы», «Атырау отты жылдарда», «Атырау қаласының тарихы», Атырау облысының тарихы» және т.б. еңбектерін жарыққа шығарды. Сонымен қатар, екі томдық «Боздақтар» кітабының, Қазақ Совет энциклопедиясы авторларының бірі. Ғалым ретінде ол мерзімді басылымдарда 200-ден астам мақала жариялады. Ол аймақтық университеттердің халықаралық қауымдастығының мүшесі болды (РФ, Түрікменстан, Кальмикия, Иран, Дағыстан).

Х.Б.Табылдиев КСРО-ның ыдырауы мен Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаудың дәуірлік тарихи оқиғалары аясында, Қазақстан Республикасының білімі мен мәдениетінің маңызды мәселелерін шешуде белсенділік танытты. Сонымен қатар, Хисмет Бозанұлы Табылдиев Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті және Атырау облысы жас ғалымдарының қалыптасуында, нығаюында, орнығуында маңызды рөл атқарған ғалым.

Биыл академик ғалымның 85 жылдығы қарсаңында «Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ҒЗИ» Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және академик Х. Б. Табылдиевтің 85 жылдығына арналған «Халықаралық қатынастар мен аймақтанудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми онлайн-форумын өткізгелі отыр.

Форумның негізгі мақсаты – жаңа геосаяси конфигурация жағдайында Қазақстан дамуының өзекті мәселелерін, халықаралық қатынастардың жай-күйі мен даму мәселелерін зерттеу және Қазақстанда өлкетануды дамыту, инновациялық қоғамдастық және халықаралық саясат саласындағы ынтымақтастық пен ғылыми-практикалық ынтымақтастықты күшейту. Форумға Қазақстан, Ресей, Иран, Әзербайжан, Түрікменстан және жақын және алыс шетелдердің ғалымдары мен мамандары қатысады деп жоспарланауда.

**Сайпулла САПАНОВ,
тарих ғылымдарының докторы,
«Х. Б. Табылдиев атындағы
Каспий өңірінің тарихы, археологиясы
және этнологиясы Ғылыми – зерттеу
институтының» директоры**

ШҰҒЫЛАЛЫ БІЛІМ АКАДЕМИГІ

Құштарлық, құлшыныс, өмір құпияларын, табиғаттың терең сырларын білмекке ұмтылыс, ерекше табиғи талант, құмарлық, бар болмысымен айнала қоршаған ортаға сыймай, қолдан келместей істі атқарып, бітіріп тастауға деген, бәрін білмек, меңгермекке деген арман адам болмысындағы жай.

Жұмыр жерді түгел көріп өтем деп,
Мен отырмын бір төбені мекендеп...
Түн болсам да көрер едім бір бетін,
Күн болсам да көрер едім бір бетін.
Ал, егер де аспан болсам мына мен:

Бар жағынан бірдей көріп тұрар ем, – деген көрнекті ақын Жүмекен Нәжімеденов. Бұл жырда ақын «бәрін көру», «бәрін білу» әрбір адамның арманы дегенді айтпақшы.

Осындай «бәрін көру», «бәрін білу» арманы бала кезінен Есеттің бойына дарыған, тынышын алған жағдай болса керек. Бала кезінен әр нәрсені көрмекке, білмекке, сырын ашпаққа ұмтылып, құштарлануы – бұл таланттылық. Осындай ұмтылыс бала Есетті ерекше ғажайып күшке ие етті. Жас кезінен осындай дарындылық оны Орал қаласының А.С.Пушкин атындағы институттың география факультетіне түсуіне жол ашқан.

География ... Жер бедері, тауы, теңізі, мұхиты, көкжиектері, өзені, атмосферасы, стратосферасы – жалпы бүкіл планета – Жер Бесігі. Әлем дегенің – күн системасы, Галактика...

Орыс тілін өте жақсы білген, кеше ғана орта мектептен қанаттанып ұшқан шәкіртті география факультетінің орыс бөліміне түсуге ешқандай қиындық келтірген жоқ. Ол институттың осы бөлімінде 4 жыл оқып, бүкіл оқу орнындағы ең үздік шәкірттердің бірі болды. Өзінің орыс тілді курстарынан асып, «Сталиндік стипендия» атанды. Ғажап! Ауылдың қарапайым қаршадай сары баласы бүкіл институттың мұғалімдер қауымы мен курстас жолдастарының ең құрметті адамына айналыпты. Қалайша?! Оның мәні мынада. Көреген Жалмұхан қарт ортаншы ұлы Қаженбайдың ұғымталдығын байқап, «бірдеңе шықса осы баладан шығады» деп, оның жүрегінен жігер – қайрат сезген. Сондықтан оны кішкентай кезінен білімге ұмтылдырып, ауылдық молдадан оқытып, сауатын аштырған. Елдегі аталастары Ізмұханбет деген молда «Жанды» деп аталатын жайлауда медресе ашқан екен. Баланы сонда оқытады. Жақсы білім алған Қаженбай елде «молда бала» атанады. Баласының арабша сауатына қанағаттанбаған Жалмұхан шәкіртті әрі қарай оқытуға қызметтеніп, Бөкей ордасындағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне оқытады. Бала одан орысша оқуға, жазуға, сөйлеуге сауаттанып, білімі арта түседі. Біліммен қаруланған Қаженбай 1920 жылы мұғалімдік жұмыс атқарып, әуелі Манашта сауатсыздықты жою жөніндегі мектепте мұғалім болса, 9 жылдан кейін ол губерниялық халық комиссариатының бұйрығы бойынша Айбас, Дуаберген, Жамбыл, Мыңтөбе ауылдарында бастауыш мектептердің меңгерушілігіне тағайындалып, өзі мектеп ашып, қырық жылдай ағартушылық қызмет атқарған.

Сөйтіп, халық арасында «Қаженбай мектебі» деген ат тараған. Қаженбайдың мұғалімдік қызметінің басталуынан Қаженбаевтар әулетінің халыққа білім беру династиясының басталуы деп білген жөн. Өйткені осы династияның мерейлі 100 жылдығы былтырғы, 2020 жылы толғандығын ескеруіміз керек сияқты.

Жамал атты қызға үйленіп, шаңырақ құрған Қаженбайдың тұңғыш қызы Бақыттан кейінгі перзенттері бірінен соң бірі дүниеге ұлы, тек 1931 жылы сентябрь айында дүниеге келген ұлы – Есет ата-ана мейіріміне бөленген екен. Шаңырақты Есеттен кейін «іңгә» дауысымен толтырған ұл-қыздары Сырым, Әсила, Сағида, Ұлбосын ата-аналық сүйіспеншілік байлығына кенелткен.

Есет әкесінің отбасында берген тәрбиесі жөнінде былай деп жазды: «Әкеміз өзіне туа біткен ұстаздық қасиетті тек мектеп босағасында жүзеге асырып қоймай, өмір мектебінде де ұстаз бола білген адам. Адамдар арасындағы қатынасты, өзара сыйластықты іске асыруда да ұстаздықтың жоғары биігінен көрініп, ағайын-туыс, көрші-жекжат, жалпы жұртшылық алдында жоғары беделге ие болған».

Қаженбай ұстаздығы осылайша өмірінің мәні, нәрі, сәні, жанының әрі болған. Ол мектептен – үйге, үйден – мектепке ұласып жатқан күн сәулесіндей табиғат болмысына айналған.

Бүкіл зердесіндегі мектептен, ата-анадан, өмірден, халықтан алған, көңіл нұрынан төгілген барлық білімі мен мейірімін мектептегі шәкірттеріне де, үйдегі балаларына да бөле-жармай, еш шекара жасамай, алаламай бірдей берген. Міне, Есеттің болмысындағы адамда болатын керемет қасиеттердің бірі ата-анасынан осылай дарыған екен.

Тәрбиенің басты саласы – адамгершілік, арлылық, бүкіл адамзат баласынан аямайтын мейірім-парасат болатын болса, ол Қаженбайдың балаларының бәрінде гүлдей шешек атқан.

Әке отбасындағы ұлттық тілімізді аса қадірлеумен бірге, өмірде заманына сай қажеттілікке ие ететінін өзі әдемі білген орыс тіліне де үйреткен. Есеттің орыс тіліне жетік болуы осыдан басталған. Ол сөйлей білуге үйретумен бірге, сауатты, әдемі каллиграфиямен жазуға да дағдыландырған. Ол Есетке оқу жолындағы үлкен көмек болды. Біріншіден, орта мектепті бітірмекші 90 баланың ішінен Гурьев қаласына келіп, мектеп бітірушілердің бір емтиханы – орыс тілінде шығарма жазудан тек 8 бала ғана сәтті тапсырса,



солардың бірі – Есет болғандығы; екіншіден, Орал педагогика институтында орыс балалармен бірге бір топта оқып, өзінің орыс тілін терең меңгергендігін көрсетіп, үздік студенттер қатарында болуы. Бұл – сөзсіз, әкесінің көрегендігінің арқасы еді. Ал, інісі Сырым болса, Мәскеуде оқып, қазаққа ең кенже қалған ғылым саласы – балық шаруашылығы бойынша білімнің шырқау биігін меңгерді. Қаженбайдың балаларына жан-жақты тәрбие берудің нәтижесі осындай болды.

Әкесі бала оқытқан жылдарында Есет 5 жаста екен. Үйінің бір жартысы мектеп болса, бір жартысы өз отбасымен тұратын үйі болған кезде, басқа балалармен Есет те бірге оқыған. Ал, мектеп ашылғанда, балалармен бірге барып, партаға қатар отырған. Басқалармен бірге білім алып, басқалармен әкесінің тәрбиелік дәрістерін тыңдаған. Сөйтіп, бастауыш мектепті 9 жасында бітіріпті.

Есеттің мұғалімдік ұзақ жолы орта мектепті бітіргеннен кейін басталды. Гурьев педагогика училищесін экстернмен бітіреді. Ауылдағы мектепте әуелі аға вожатый болады. Ол 1947 жылы «Алғашқы» деп аталатын бастауыш мектебінде мұғалімдік жұмысқа кіріседі. Оның шәкірттеріне білім берудегі ақылшысы әкесі еді.

Өмір өз таңдауын жасатты. Жоғары білім алып, нағыз ұстаз болу қажеттігін үйретті. Сөйтіп, 1950 жылы Есет Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың география факультетіне «бәрін білу», «терең білу» деген таланттылықтың, жастықтың шалқар дүниеге ену талабының ғажап әсерімен оқуға түседі.

Есет Қаженбайұлы жоғары білім алғаннан кейінгі мектеп басшылығында жұмыс істеген жылдарында, әсіресе К.Маркс атындағы мектепте өздерінің терең білімдерімен, ұстаздық шеберліктерімен мектепті аудан бойынша алға шығаруға аянбай еңбек еткен үлгілі ұстаздарын ешқашан ұмытпайтындығын айттып отыратын. Олар: Наубетов Хамидолла, Қайыров Жұмағали, Қуанышов Жұмабай, Әлімұханов Хамит, Нұғманова Дәкен, Жұмағазиев Ибат, Базаров Қабдығали, Қайыржанова Сұлушаш, Кереев Халық, Сәрсенов Қойшекен, Ғұбашев Әбіл, Қанатов Мақсот, Ергалиев Қоныс, Хисимов Қабболла т.б. болатын. Бірқатары «Қазақ ССР-ы оқу ісінің үздігі» белгісімен марапатталды және мұғалімдер съезіне делегат болды. Есет мектеп басқарудағы үздік жұмысы үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Есет Қаженбайұлы – ешқашан бастық боламын деп, лауазым құмаған адам. Керісінше, лауазым оны қуған. Басшылық лауазым Есетке дәрежеге жеттім деп кеуде көтеру емес, өзінің халықты білім мен ғылыммен сусындату үшін осы басшылық қызметін шебер пайдалану еді.

Бұрын басшылығы мектептен ғана шектелсе, ендігі басшылығы бүкіл облыс мектептерін өзінің құдай берген арманымен аялау болды. Бір мектеп арқылы облысқа құшағы жетпеген Есет бір аймақтың жүздеген мектептеріне өзінің бар адамгершілік, азаматтық сәулесін таратып, олардың әрбіреуінің қалай тыныс алып, өмір сүріп жатқандығын білу үшін тамырын баса отырып дем беру, күш-қайрат беру, жаңалыққа бастау, өзінің үлгісін көрсету.

1994 жылы пайғамбарлық жасқа келіп, зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Есет ұлан-байтақ білімі мен ғылымын шәкірттерге игертіп, ғұламалық тәрбиелік жұмыстарын жалғастыруды ойлап, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне жұмысқа үлкен құлшыныспен келгендігін көрдік және университет ұжымы үлкен білім мен тәжірибе, ғылым мен бекзат болмыс керуені көшіп келіп, ерекше құбылыс болғандығын байқады. Ғылыми-тәжірибелік жиындарда төгілген шешендік, шұғылалы білім ғұламасы сөз алып тұрғандай сезінетінбіз.

Есет Қаженбайұлының талай оңдаған шәкірттеріне дипломдық жұмыстар қорғаттырып, жастардың ғылымға деген қадамдарына жол ашты. Бұл – көптеген ғылыми мақалалар мен дүниеге жол тартқан кітаптары ғылыми ойлары мен пікірлері мен толғамдарын төге түсуге шөлдеп қалған адамның қимылы еді. Оның «Табиғат – тіршілік көзі», «Атырау облысының географиясы», «Географияны оқыту әдістемесі», «Коммерциялық география» (оқу құралы), «Географиялық диктанттар мен есептер» (оқу әдістемелік құрал), «Географиялық ойындар», «Мұғалімнің шығармашылық жұмысы», өзінің ұстаздық жолын баяндаған «Ұстаз ұлағаты» атты кітаптарын жариялады. Университетте атқарылған ғылыми бағыты дәрежесіндегі ашық сабақтары, жалпы оңдаған жыл бойына жүргізген үлгілі дәрістері мен көптеген ғылыми мақалалары, қоғамдық жұмыстарының жемісті атқарылуы ескеріліп, жылдар өткен сайын Есет Қаженбайұлының ғылыми атақтары биіктей берді: аға оқытушы, доцент, профессор. Бұлар шын мәнісіндегі ғалым-ұстаздық төккен маңдай терінің жемістері болатын. Оның еңбегі Х.Досмұхамедов атындағы Білім қара шаңырағының білімі мен ғылымына үлкен үлес болып қосылды.

Атырау облысында Қаженбаевтар әулетінің мұғалімдер династиясы деген ұғым қалыптасты. Сол династияның 100 жылдығы 2020 жылы ел аузында аталды.

Бұл 1920 жылы мұғалімдік жұмысын бастаған Қаженбай ақсақалдың династиясы болатын. Сол ұстаздық жұмыс өзінің ұлы Есетпен бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Себебі қазір қыздары Бибінұр Есетқызы Қаженбаева – мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болса, Айжан Есетқызы Қаженбаева – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің психология кафедрасының доценті.

Есет ағамыз бен Жаңыл жеңгемізден тараған ұрпақ шетінен білімді, неше түрлі ғылым салаларының сүбелі бағытын ұстап, мамандық алған қыздары Бибінұр, Айжан, Шәрбану, ұлдары Нұрымбек, Асылбек оларға ілесе қаулап өсіп, немерелер мен шөберелері алдарына қойған мақсаттарына ұмтылуда.

Университет ұжымы және отбасы 2011жылы Есет Қаженбайұлының 80 жылдығын және қосағы Жаңылмен шаңырақ көтергендеріне 50 жыл сияқты мерейлі шараларын үлкен тәрбиелік бағытта атап өтілген еді.

Әттең, қандай өкінішті, тағдыр Тоқсан атты мерей жасқа жеткізбеді. 89 жасына да жете алмай бытырғы жылы шілде айында дүние салды. Оның үстіне жар қосағы Жаңыл жеңгемізді ілестіре кетті.

Ғасырға жуық өмір сүріп, сан ғасырға жетерліктей ұлағатын болашаққа табыстаған Есет Қаженбайұлының еңбегі арнайы марапаттарға ие болып отырды. Оның омырауын «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен қатар 1941-1945 жыл Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 60, 65 жылдық медальдарымен қатар ХШЖК (ВДНХ) медалі бар. Ұстаз «Қазақ ССР-ы білім беру ісінің үздігі», «Ы.Алтынсарин» төс белгілерінің және «Құрмет» орденінің иегері болды. Ол Атырау қаласының және Исағай ауданының Құрметті азаматы аталды. Солармен қатар Оқу министрлігі, Облыстық әкімшілігінің Құрмет Грамоталары мен Алғыс хаттары бар.

Ұзақ ғұмырында ұстаздық деген биік те асыл Ғимаратты Атырау жеріне мәңгілік орнатып, кейінгі ұрпақ сүйсіне көз салып, мақтанышпен қарайтын сол биіктіктік болмысының іші-сыртына үзбей сәуле шұғыласын шашып тұратын Білім Академигінің қолтаңбасы жарқырай көрінуде. Ол өшпейді!

Толығырақ нұсқасы asu.edu.kz сайтында орналасқан Қадыр ЖҮСІП, профессор, филология ғылымдарының докторы, ҚР Педагогика ғылымдары академиясының Құрметті академигі

ЗАҢДЫ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Ата заң - мемлекеттік құрылыммен қатар жариялы-билік институтын белгілейтін ереже ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттің қандай құндылықты сақтау керек екендігін айқындайтын басты құжат.

Конституция қағидаларын жүзеге асыру қоғам мен мемлекеттің өсіп-өркендеуіне, адам құқығының сақталуына, бірлік пен тұрақтылыққа жол ашады. Тарих өткенді саралап, келер уақытқа өнеге қалдырады. Қазақстанда конституциялық құндылықтардың дамуының өзіндік тарихи жолы бар. Қазақ хандығы құрылғаннан бастап ұлтымыз жан-жағынан қаумалаған жаулардан қорғана отырып, дербес, қуатты да тұрақты мемлекет болуға тырысты. Алтайдан бастап Арқа асқан, Жайыққа жеткен ұлан-ғайыр жеріміз сол күрестің нәтижесі. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» қағидасымен дамуды көздеген бабаларымыз «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген дала заңымен, салт-дәстүрімен өмір сүрді. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сынды дала заңдары осыны меңзейді.

Елбасы Н. Назарбаев бұл құжаттарды бірлік арқылы дербес мемлекеттікке жол салған қазақ халқының арманын меңзейтін құқықтық тарих ретінде бағалады. Тарихқа көз жүгіртіп, бүгінгі күнге дейін жүріп өткен құқықтық жолымызға көз салып көрелік. Қазақтың дәстүрлі құқығы өте құнды рухани мұра. Дала заңдары жүздеген жылдар бойы қалыптасып, жетілдіріліп, дамытылып отырған, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Қазақтың дәстүрлік құқығы дәстүрлік әдет-ғұрыпқа негізделген, соның негізінде қаланатын материалдық әрі сот ісін жүргізу нормалары бар заң жиынтығы еді. Қысқа, оңай есте қалатын, сонымен бірге ұтымды сөз тіркестерінен құралған заң жүйесі. Дала заңдары аталған: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» бүгінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен сабақтасып жатыр. Қазақ халқының ел басқару мен заң шығару, сот ісін әділ жүргізу бағызы замандардан қалыптасқан. Көшпелі қоғамның құқықтық өмірінің ұзақ тарихы бар. Ол көшпенділер тарихының көне дәуірлерінен бастау алады. Көшпелі қоғамдағы құқықтық өмірдің құпиясы оның адами ажарында, рухани келбетінде, шешендік өнерінде жатыр. Сот билігі қазақ даласында кең тараған дамыған мемлекеттік биліктің формасы. Қазақ қоғамында сот билігі хан билігінен жоғары тұрды. Себебі, дала даналары ой-өрісі, білім парасаты мен шарапаты тұрғысынан жаған ғұламалары Аристотель, Конфуций, И. Кант, Ж.Ж.Руссо секілді адамзаттың адал перзенттерімен тең дәрежеде тұрды. Сондықтан да, халық оларды «дала даналары» деп ардақтады.

Әдет-ғұрып құқығы - жүйенің тарихи тұнғыш түрі. Ол сол қоғамдағы құқықты, өзінің ішкі мәні мен мазмұны, сыртқы түр сипаты, іс-қимылы реттеу, жалпы болмысы адамзат мәдениетінің ерекше туындысының көрсеткіші. Қазір әдет заңдарын іздестіру, жинау, жүйелеу және зерттеу ісіне көңіл бөлінуде. Қазіргі атақты ғалым-заңгерлеріміз С.З. Зиманов, Ғ.С.Сапарғалиев, М.Өсерұлы, М.С.Нәрікбаев, З.Ж.Кенжалиев т.б. Көптеген ғалымдар қазақтың ата заңының бастаулары мен қайнар көздерін тереңнен зерттеуде. Осылайша халқымыздың құқықтық болмысын және мәдениетін толық игермей, оны өзіміздің мемлекетіміз бен құқықтық жүйеміздің алтын арқауы етпей, Республикамызда құқықтық мемлекет құруымыз мүмкін емес.

Қазақтың көне құқығы, ұлан-ғайыр еркін аймақта орналасқан түркі тілді көшпелі өркениеттің туындысы әрі мәдени жемісі, әрі мәдени мұрасы. Қазақтардың құқықтық жүйесін әдет - ғұрып құқығы құрайды. Бұл жүйені "адат" деп атады. Адат - заңдастырылған әдет - ғұрып нормалары. Бұл нормалар қазақ қоғамының барлық жақтарын реттеп отырды. "Адат" араб тілінде әдет-ғұрып деген ұғымды білдіреді. "Адат" өте ерте кезден басталып, көптеген өзгерістермен және толықтырулармен қазақ қоғамындағы негізгі реттеуші нормалар ретінде 1917 жылға дейін созылды. "Адаттың" құқықтық институттары ғасырлар барысында үлкен өзгерістерге ұшырамады. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы мынадай ерекше белгілермен сипатталады:

1. Рулық, патриархалдық әдет-ғұрыптардың ұзақ сақталуы. Мұндай ерекшеліктердің сақталуы заңды нәрсе. Ру қазақ қоғамының негізі болды. Ал рудың негізі патриархалдық отбасы болды. Қазақ отбасының басшысы немесе атағасы отбасындағы шешуші адам болды. Бұл ерекшеліктердің бәрі де көшпелі экономикалық қатынастардың бейнелері болып табылады.

2. Қазақ әдет-ғұрып құқығы барымта, қанға-қан, жанға-жан, әмеңгерлік, өз бетімен сот ұйымдастыру сияқты өтпелі институттардың сақталуын қамтамасыз етті. Бұл институттар қазақ қоғамында және оның құқықтық жүйесінде ерекше орын алды.

3. Әдет-ғұрып құқығы бойынша, қылмыстық істер мен азаматтық істердің арасындағы айырмашылықтарға ерекше мән берілмеді.

4. Жерге жеке меншік құқының болмауы; қоғам мүшелерінің құқықтық жағынан теңдігі қазақ аристократиясының (сұлтандар, билер, қожалар) артықшылығымен ұштастырылды. Қазақ ақсүйектерінің, әсіресе сұлтандар мен қожалардың артықшылығы ресми заңдастырылды. Ал ел билеу ісі тек сұлтандардың үлесі ретінде рәсімделді. Мұндай тәртіпті қоғамдық пікір де мойындады.

5. Жазаның түрлері салыстырмалы түрде гуманистік сипатта болды.

6. Құқықтық жүйе мен оның нормалары демократиялық сипатта болды. Ең басты нәрсе, сол принциптердің өз мәнін, мазмұнын жоймай іске асуы



болатын. Айталық, қылмыс пен жаза саласында – қанды кек не құн төлеу қағидасы, неке саласында – жеті атаға дейін қыз алыспау қағидасы, сот саласында – әділдік, жариялылық, шешендік қағидалары. Әдет-ғұрып құқығы – құқықтық әдеттер жинағы ғана емес, ол қағида, көзқарас, ой түсінік жүйесі де болып табылады.

Құқықтық мемлекет құру мен қоғамды демократияландыру – қайшылықты, ұзақ та күрделі процесс. Бұл біздің жас мемлекетіміздің аяғынан қаз тұру жолынан да жақсы байқалады. Тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғам өміріне өту қажеттілігі айқын болған мұнан бастап – ақ Қазақстан тұрғында рының алдында ең алдымен Қазақстан мемлекетінің егемендігі мен тәуелсіздігін қорғау міндеті тұрады. Бұл орайда демократияны дамыту – меншік қатынастарын реформалау мен нарықтық экономикаға өту экономиканы тығырықтан алып шығудың, ұлттық мемлекеттің қалыптасуына қолайлы жағдай туғызудың толассыз жолы. Саяси саладағы басты мақсат – жас егеменді мемлекетті қуатты президентті республика етіп қалыптастыру. Біздің мемлекетімізде барлық азаматтардың теңдігі барлығының заң алдындағы бірдей жауапкершілігі, кімнің қай ұлтқа жататындығына қарамастан, бірдей екендігі әуелден – ақ нақты көрсетілген. Әрине, кейбір жағдайда жергілікті ұлт – қазақтардың мүддесі ерекше ескеріледі. Мұндай жағдайға ұлттық мәдениетті, тілді өркендету, қазақ диаспорасының рухани-мәдени және басқа да байланыстарын қалпына келтіру, олардың өз Отанына қайтып оралуына қолайлы жағдайлар туғызу жатады. Басқа елдер деңгейімен салыстырмалы түрде алғандағы экономикалық байлыққа қол жеткізудің алғышарты – бүкіл қоғамдық өмірді демократияландыратын тұрақты құқықтық мемлекет құру болып саналады.

Құқықтық демократиялық мемлекетте Конституция, яғни біздің қоғам өмірінің Негізгі Заңы аса жоғары мәнге ие. Конституция жобасы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап жасалына бастады. Конституция қабылдаудан бұрын бүкілхалықтық талқылаудан өтті. Біздің Конституциямыз бойынша Қазақстан халқы егемендіктің иесі, республикадағы мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі болып табылады. Республикада тек қазақтар ғана емес, басқа ұлт өкілдері де тұрады. Сондықтан саяси ымыраға келу қажет болғандықтан қазақ халқы өз қамын қүйттеумен қатар, жас мемлекетіміздің тыныштығын, оны одан әрі нығайтуды ойлауы керек. Құқықтық мемлекет құру, қоғамдық өмірді демократияландыру, жалпыұлттық келісім мен ынтымақ Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтың лайықты толық мүшесі болып енуінің басты шарты болып табылады. Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр. Еліміздің бұл Негізгі Заңы бірінші рет Қазақстан Республикасын президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жария етті. Бұл мемлекеттің құзырына өз аумағының тұтастығын, сырттан қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз ету толығымен жатқызылады. Конституцияда демократияның түпкі мәні ерекше айқындалады. "Демократия" деген грек сөзін өз тілімізге аударсақ, халықтың билігі деген мағына шығады. Осы тұжырым қағида Негізгі Заңның үшінші бабында нақты бейнеленген. "Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық" нақты жазылған. Конституцияда республикадағы мемлекеттік билік біртұтас деп жарияланған. Бұл билік Конституция бойынша үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі болып болып дараланған. Мұндағы мақсат билікті біржақты иемденіп кетушілікті болдырмау үшін олардың аражігі ажыратылып, әрқайсысынан конституциялық өкілеттіктері айқындалған. Олар бір-бірінің ісіне қол сұқпайды, әрқайсысы өз құзырларынша қызмет етеді.

Конституциядағы көрсетілген ҚР азаматтарының міндеттері мен құқықтары туралы да баяндалады. Республика азаматының негізгі құқықтарымен қатар міндеттері де 1995 жылдың 30 тамызындағы бүкілхалықтық талқылаудан өтіп қабылданған Конституцияда анық тұжырымдалған. Адам тумасынан өзіне қажетті құқықтар мен бостандықтарға ие.

Ал ол өз мемлекетінің азаматтығын алғаннан кейін азаматтық құқықтарға ие болып, тиісті міндеттерді қоса атқаруға тиіс. Конституцияда адамды қастерлеу, құрметтеу, адамгершілік сезімдеріне үлкен маңыз берілген. Әркімнің өзінің жеке басының бостандығы заң жүзінде қорғалған. Заң бойынша адамның жеке басының қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Конституцияның 19-бабында "Әркімнің өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы" деп жазылған. Адамдардың ар-ождан бостандығына заң жүзінде толық кепілдік берілген. Республика азаматтарының заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстауында, оны мұраға қалдыруына конституциялық кепілдік жасалған. Конституцияның 39-бабында адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қоғамдық тәртіпті, адамның құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығын қорғау мақсатында ғана шектеу қойылуы мүмкін екендігі көрсетілген.

Жеке меншік құқығы заңмен қорғалады. Жерді меншіктеу құқығы бекітіледі, сонымен қоса өзінің мүмкіндіктерін және мүліктерін кәсіпкерлік қызметке және заңмен тыйым салынбаған экономикалық қызметке еркін пайдалануына құқықтары бар. Бұл нарықтық экономиканың тұрақты дамуы, экономикалық реформаның аға жылжуы үшін сенімді конституциялық негіз жасауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабында әр адамның өзінің бостандығы мен құқығын сот арқылы қорғай алатыны көрсетілген. Әр адамның заң мамандарынан көмек алуға, үкімді Жоғары сотқа қайта қаратуға, жазаны жеңілдетуді сұрауға құқығы бар.

Азаматтардың медициналық көмек алуына, мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Ал орта білім алу Конституция бойынша міндетті деп табылған. Республика азаматтарының құқығы мен міндеттерін сөз еткенде, екі мәселені ерекше атап өтуге болады. Бірі – заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады, екіншісі – Отан қорғау әрбір азаматтың қасиетті парызы және міндеті. Азаматтардың құқығы мен міндетін сөз еткенде бұл талаптардың адамдардың өз құқықтарын көбірек біліп, міндеттерін орындауға келгенде кездеседі. Халық өзі дауыс беріп қабылдаған заңын әрдайым әділ деп есептейді. Заңға құрмет болмайынша, оны қастерлеу ішкі қажеттілікке айналмайынша, заңның құдіреті шамалы болады. Конституция мәртебелі болуы үшін, оның принциптері, қағидалары қоғам, мемлекет, халық өкіметінің туы, қазығы, мәні болуға тиіс. Заңи норма жақсы жұмыс істеуі үшін, оны бұлжытпай орындау азаматтардың күнделікті дағдысына, үйреншікті әдетіне айналуға тиіс. Әртүрлі амал-айламен заңды айналып өтуге тырысушылық өркениетті елдің мәдениетіне жатпайды. Заң беделге, мансапқа, лауазымға, ақшаға, байлыққа сатылмай, тек ақиқатқа бас иеді. Біз де келешекте осыған жетуіміз керек. Оған өзгерістер енгізуге кейде ұсыныстар болады. Сондықтан кез-келген реттеуші күш ретінде ол өзгерістерге ұшырайды және ол толықтырулар мен өзгерістер қоғамның ашық және құқықтық тұрғыда дамуына өз септігін тигізери сөзсіз.

Болашақ қоғамдық даму бағыты жаңаша бағытқа бет бұрғандықтан, барлық мүдделердің тоғысы тиісті деңгейде қорғалуы қажет болғандықтан қолданыстағы заңнамалар да үнемі дамып, өзгеріске ұшырайтыны белгілі. Демек, еліміздің ата-заңына да қажетті негізде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және енгізіледі. Соған барлық қолданыстағы нормативтік актілер сәйкестендіріледі. Демек, заңды білу – заман талабы екені дәлелін табады.

Атырау өңірінде мұнай және жер қойнауына байланысты өндіріс орындары басқа өңірмен салыстырғанда көбірек осы саладағы заңды жауаптылық туралы көбірек тоқталу қажет. Осы салада еңбек даулары мен соттық іс жүргізу қатынастары тиісті деңгейде дамуда. Қоғамдық қатынастарды реттеуде құқықтық даму басты жолға қойылған.

Дидар АЙТМҰХАНОВА, з.ғ.м., аға оқытушы, Жангүлім ЕРДЕШОВА, аға оқытушы, Әдемі МҰХАНОВА, з.ғ.м., оқытушы

Өлеңмен өрілген өмір

Таяуда қолыма тие қалған орайды пайдаланып, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы, Қытай тілінің білікті маманы Уәлібай Нұрбақыттың «Көкжалдар» атты поэмалар жинағы мен «Қалибек Хакім» атты өлең романын оқып шықтым. Осы екі кітаптан алған әсерімді бөлісе кетуді жөн санадым.

Өздеріңіз білетіндей, 2016 жылға дейін ЖОО-ның II курс студенттеріне арнайы пән ретінде «Этнопедагогика» курсы жүргізілді. Неге екені белгісіз, осы пән оқу бағдарламасынан алынып тасталды. Біздегі парадокс, осыдан кейін іле-шала Тұңғыш Президенттің «Ру-хану жаңғыру – болашаққа бағдар», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары жарық көрді. Қазіргі жастар мектепте және ЖОО-ларында нақты бағыт беретін пәндер болмаса, үкіметтің бағдарламалық мақалаларын қалай түсінеді?

Біздіңше, Уәлібай Нұрбақыттың «Көкжалдар» поэмалар жинағы осы олқылықтың орнын толтыратын шығарма деп білемін. Поэмадағы сюжет пен тіл қолданыстардан автордың зердесі зерек, тілі өткір, ойы ұшқыр, көзқарасы көркем, көңілге түйгені мол екені аңғарылады. Біз «Этнопедагогика» пәнінен Білге қаған, Тонықөк, Иоллық тегін туралы, олардың қағидалы сөздерін бүгінгі тәрбие беру процесімен байланыстырамыз. Алайда, Қапаған қаған хақында мүлдем білмейді екенбіз. Автор Қапаған қаған тұлғасын көркем образбен айшықты етіп, қайраткер-император дәрежесіне көтерген.

«Күлтегін», «Білге қаған», «Күлішор», «Тонықөк» тас ұстындарынан эпиграф бере отырып, шабыт қиял, сюжетті шебер үйлестірген.

Қуантарлығы, «Тас ұстындағы тарихи фактілер» деген зерттеу мақаласын «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректерімен» сөйлете білуі байқампаз, зерттеушілік қырының ауқымдылығын көрсетіп тұр. «Маңырауық қозы» поэмасында желөкпе жігіт пен жеңіл етекті қыздың қоғамға келтіріп отырған кесірін «маңырауық қозылардың» зары, наласы арқылы жеткізген. Уызына жарымаған жетім қозыға ұқсас бала тағдыры моральдық тазару проблемасына назар аудартады.

Автордың «Түз кесігі» поэмасы Абылай хан заманын көз алдымызға келтіргенмен, бүгінгі өмір ағымынан

хабар береді. Сөз құдіретін қиындай көретін бабалардың кемеңгер тұлғасы кесекті ойдың сойындай болған тіркестермен көркем жеткізілген.

Енді «Қалибек Хакім» өлең-романы туралы айтар болсақ:

Елінің бостандығы мен халқының азаттығы жолында жанын шүберекке түйген қаһарман батыр Оспан бағадүрдің: «Қытайға бодан болу – темір ноқта, орысқа бодан болу – ағаш ноқта», – деген қағидалы сөзін еске түсіреді. Қытайға да, орысқа да бодан болуды қаламай, Гималай асқан қазақтардың жанкешті күресі – өлең-романның алтын тіні іспетті. Әсіресе, Қалибек Хакім образы қайтпас қайсар қазақтың шынайы болмысы екендігі ақиқат. Бұл өлең-романға арқау болған Қытай қазақтарының 1940–1950 жылдардағы өмір-тіршілігін, жан-айқайын нақты білу үшін авторға замана көшін дұрыс бағамдай білуді ескертеді. Дей тұрғанмен, автор бұл сыннан қамшы салдырмай еркін өткендігін байқаймыз. XX ғасыр басындағы Қытай қазақтарының мамыражай тіршілігінен 40–50 жылдардағы азапты, зобалаң, аш құрсақ өмірін бейнелеу автордың бұл шығарманы жазуға үлкен байсалдылықпен келгенін көрсетеді. Атақты Саққұлақ шешен: «Ақынның құлағы өзінен 40 жыл бұрын туады» деген екен. Уәлібай Нұрбақыт мол деректерге қаныға отырып, «теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы», – деп Абай дана жырлағандай қомақты шығарма ұсынған. Қалибек Хакімнің ұстанған мақсаты біреу, қос империяның қысымында қалған туған халқын қанды қасаптан құтқарып, ар бостандығын алдыңғы орынға қойып, тәуелсіздік пен азаттық идеясын бойтұмарындай ұстану, елге тіреу болу. Осы мақсатқа жету жолында адам аяғын басуға жүрек



дауаламайтын Такламакан шөл даласын, Гималай тауының қарлы шыңдарын кесіп өтіп, Үндістанға табан тіреуі – жүрек жұтқандық. «Адам баласын дозақ отына салып қойсаң да, үш күннен кейін от шашып ойнайды», – дегенді дәлелдегендік. Халықаралық сахнада еркін көсіліп жүрген серкелерді сенімді сөздермен ұйытады. Көштің бағытын Үндістаннан Түркияға бұруға да Қалибек Хакімнің сұңғыла саясаткер екендігін байқатады. Адамдар арасындағы аярлық, сатқындық, психологиялық жан толқынысы өлең-романда шебер суреттелген.

«Қалибек Хакім» өлең-романын тәуелсіздіктің қасиеттілігін сезінгісі келетін әрбір оқырман оқып шығуға міндетті деп білемін.

Айдар САБЫРОВ,
доцент,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі

Үздік спортшылардың қатарын толықтырамын

Мен, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Инновациялық білім беру факультетінің Дене шынықтыру пәнінің және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы мамандығы бойынша бірінші курс студентімін.



Мемлекетіміздің қамқорлығына шексіз ризашылығымды білдіремін. Грант иегері атану мен үшін ең үлкен жетістік болды. Ендігі мақсатым – сабағымды жақсы оқып, болашақ мамандығымның қыр – сырын жан – жақты меңгеру, ата – анамның сенімін ақтау.

Бала кезімнен дене шынықтыру сабағы ұнайтын. Волейбол, футбол, теннис үйірмелеріне, жарыстарына қатыстым. Спортпен айналысу мені шыдамдылыққа, төзімділікке үйретті. Осы қызығушылығым мені спорт саласына бағыттады. Болашақта үздік спортшыларды дайындау шебері атанарыма сенемін.

Университетіміздің барша ұстаздары мен студенттерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Еңбектеріңізге толағай табыстар тілеймін.

Назерке МӘДЕНИЕТОВА,
Дене шынықтыру мамандығының 1 курс студенті

Өз таңдауымды жасадым

Мен, Өміржан Илиясов, Қандыағаш қаласындағы №4 жалпы білім беретін орта мектебінің 2021 жылғы түлегі, Алтын белгі иегерімін.



Мектеп қабырғасында оқып жүргенде математика пәні бойынша шараларға, олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Осы жетістіктердің арқасында математика ғылымына деген қызығушылығым артты. Пән мұғалімдерінің ықпалымен математика пәнін жақсы меңгердім. Сондықтан болашақ мамандығымды педагогикамен байланыстыратындығыма шешім қабылдадым.

Мектептегі оқу процесін, мұғалімдердің сабақ жүргізгенін бақылап, педагогика саласына қызығушылығым ояны. Жылдан-жылға мектеп қабырғасында түрлі олимпиадаларға қатысып, сол бағытқа деген қызығушылығым артты. Бала кезімнен математика пәнін ерекше жақсы көрдім. Яғни, қызығушылығым мақсатыма айналды. Осы мақсатымды іске асыру үшін көп еңбектендім. Тестілеуге дайындалып, білімімді арттырдым.

Ұлттық бірыңғай тестілеуді сәтті тапсырып, Атырау қаласындағы Халел Досмұхамедов атындағы университеттің Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің Математика пәні мұғалімі білім бағдарламасының 1-курс студенті атандым. Оған қоса арнайы сынақтардан өтіп, жас мұғалімдерді қолдауға арналған жобаға өттім. Бұл жоба болашақта менің кәсіби біліктілігімнің өсуіне әсерін тигізетіндігіне сенімдімін. Еңбегім мен талпынысымның, мұғалімдерімнің берген білімдерінің арқасында қойылған болашағым анық әрі нық қадам бастым.

Өміржан ИЛИЯСОВ,
«Математика пәні мұғалімі»
мамандығының 1 курс студенті

Болашақ жастардың қолында!

Мен Х.Ергалиев ауылы Ф.Мәсәлімов атындағы жалпы орта мектебінің түлегімін. Ағымдағы оқу жылында Атырау облысы әкімінің грантына ие болдым.



Менің ұстаз болсам деген арманым грант иегері атанған сәттен күшейе түскен секілді. Өзім бала кезден спортпен айналысқанды ұнатамын. Қазақша күрес секцияларында жаттығып, аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатыстым. Ақтау, Алматы қалаларында болған жарыстарда жүлделі орындарға ие болдым. Осы аз ғана тәжірибелерім мені шыңдады, биікке көтерді.

Ендігі қойылған мақсат – алдағы студенттік төрт жылда бар күш-жігерімді салып мамандығымды игеру.

Болашақта ауыл мектебінің балаларын спорттың түр-түрін еркін меңгеруіне көмектесіп, салауатты өмір салтын қалыптастыруына өз үлесімді қосамын деп ойлаймын. Жарқын болашақ білімді, талапты жастардың қолында! Мен де өз елімнің өркендеу жолында дамуына аянбай еңбектенемін.

Рысбек РАМАЗАНОВ,
«Дене шынықтыру және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы»
мамандығының 1 курс студенті

Арманым орындалады

Жаттықтырушы — спорт түрлерінің қырсырына машықтандыратын спорт маманы.

«Жаттықтырушы болсам!» деген асқақ арманым мені Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне алып келді. Студент атанған сәттен бастап, арманым бір қадам жақындағандай болдым. Болашағымды университетпен байланыстырып, ойлаған мақсатыма қол жеткізгім келеді.



Өзім спорт түрі бойынша еркін күресті таңдап отырмын. Еркін күреспен 6 жылдан бері айналысып келемін. Жаттықтырушым Әділбек Тапенов осы спорт түріне сүйіспеншілігімді арттырды. Әділбек ағайдың арқасында түрлі облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Негізінде, осы мамандықты таңдауыма да ағайдың ықпалы зор болды.

Әділбек ағай да осы университеттің түлегі. Бұл да мені ерекше жігерлендіреді. Мен де жаттықтырушыма еліктеп, еркін күрестен бар үйренген өз білімімді жетілдіріп, спортсүйер көптеген шәкірттерді тәрбиелегім келеді. Арманым орындаларына сенемін.

Абдурахман ҚАРИДОЛЛА,
«Дене шынықтыру және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы» мамандығының 1 курс студенті

Өз болашағым өз қолымда!

Мен, Жадыра Райысова, Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесіндегі Б.Қанатбаев атындағы орта мектебінің 2021 жылғы түлегімін. Қазіргі таңда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенті атандым. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш.



Аталған білім ордасын таңдауыма тікелей өзім себепкер болдым. Ең алдымен, Атырау қаласында өмірге келгенім, екіншіден іргелі жоғары оқу орындарының бірі негізгі фактор болды. Туған жерім өзіме ыстық. Менің туыстарым да осы университетті бітіріп, қоғамның игілігі үшін аянбай еңбек етуде.

Мамандығым бойынша таңдауым «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» бағытына түсті. Бесінші сыныптан бастап Орыс тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылығым артты. Орыс тілі пәнінен мектептің білікті ұстазы Бибігүл Бисенқұлқызы үздік тәлімгер болды. Мектеп қабырғасында жүріп, орыс тілі пәнінен мектепшілік, аудандық, облыстық, онлайн форматта халықаралық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иелендім. Осы мамандықты таңдауыма себеп болған ұстазымның үлкен ықпалы мен ықпалы деп ойлаймын. Өйткені, ол ұстаздардың ұстазы еді. Әр сабағын ерекше, қызықты етіп өткізетін.

Сонымен қатар, ата-анамның да әсері мол болды. Олар маған барынша қолдау көрсетіп, әр түрлі курстарға қатыстырып, тәжірибе жинақтауыма көмектесті. Ендігі мақсатым – ұстазымның, ата-анамның сенімін ақтап, туған жеріме адал қызмет атқарып, өз білімімді жетілдіру. Жарқын болашағымға сенемін!

Жадыра РАЙЫСОВА,
«Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығының студенті

Я верю в светлое будущее

В определенный период человеческой жизни встает вопрос выбора будущей профессии. Этот выбор дался мне легко, так как я всегда знала, что свяжу свою жизнь с гуманитарными науками, а в приоритете стояла журналистика. Но в университете имени М.Утемисова моего родного города Уральска не было такой специальности, и я решила подать документы на специальность «Учитель русского языка и литературы».



Я, Кучкина Елизавета, закончила в этом году КГУ «Трекинская ОШ №1» с.Трекино, района Бәйтерек, ЗКО. Училась отлично. Всегда была активисткой. С детства занималась танцами, ходила на развивающие кружки, у меня отлично получались ручные работы. С друзьями принимала участие в школьных и клубных концертах, в творческих постановках. Несколько лет занималась научной работой по краеведению по истории с.Трекино, занимала 2-места по области.

В 9 классе приняла участие в выборах Президента детско-юношеской организации Жас-Ұлан и выиграла, набрав большее количество голосов, до 11-го класса была Ұлан басшысы. В школе вела школьное самоуправление. Школу закончила со знаком «Алтын белгі».

Почему-то я была уверена, что поступлю в университет своего города, но жизнь иногда преподносит сюрпризы. Из выбранных Атырау, Уральска, Кызылорды и Алматы меня принял университет имени Х.Досмұхамедова.

Честно признаюсь, что было очень много слез. Согласитесь, любому человеку тяжело менять собственную зону комфорта. Меня терзали вопросы: как я буду одна без мамы, друзей, знакомых улиц. В голове одна мысль: «перевестись после первого же семестра».

Долгие пять часов поездки на такси, и меня встречает огромный город с какими-то вышками, проходами, объектами. Вот он, город, в котором долгое время работал вахтовиком мой папа (недавно он скоропостижно скончался, и это было одной из главных причин, по которым я хотела остаться дома и учиться в Уральске). Дорога на въезде очень длинная, и я думаю, неужели весь город такой, мне становится еще тоскливей. Поворачиваем направо. О, какие красивые жилые комплексы, строятся новые. Мелькают офисы, банки, магазины, клубы. Еще один поворот, уже направо, и передо мной он, университет, в котором мне предстоит учиться. Я говорю себе: «Вау!».

Ушел куда-то страх от боязни чужого города. Когда мы с мамой ожидали очереди для подачи заявления, я рассматривала людей, ведь от скуки мы всегда рассматриваем что-либо или кого-либо. Рассмотрела стенды, прочитала газету, хотя я не владею в совершенстве казахским языком, понимаю, что данный университет не уступает универу Уральска. Вот это абитуриент или абитуриентка, а это их родители. А вот это уже студенты следующих курсов. А это, сразу видно, идет преподаватель.

Было время познакомиться с самим университетом, корпусами, хоть и частично. Приветливо встретил декан, мне предоставят общежитие...

И тут я говорю маме: «Не переживай, я буду здесь учиться, я хочу здесь учиться!»

Елизавета КУЧКИНА,
студентка 1-го курса специальности
«Русский язык и литература»

ПУТЬ К УСПЕХУ!

Почему я поступила в Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова?



Такой выбор, как поступление в университет, многим дается очень сложно. Сейчас достаточное количество высших учебных учреждений, куда можно подать документы. Однако не везде есть та специальность, с которой определился, поэтому и приходится очень долго решать этот вопрос. Свой выбор лучше сделать самому, а не полагаться на родителей или друзей, поскольку вам потом жить с выбранной профессией, искать работу и достигать карьерного роста. Вопрос о выборе вуза является одним из самых ответственных и сложных. Поэтому для начала нужно взвесить все «за» и «против».

Мне удалось с выбором университета определиться практически сразу, поскольку я выбрала самый престижный и востребованный вуз. Намного сложнее оказалось выбрать специальность. Однако я старалась руководствоваться тем, чтобы после мне не пришлось жалеть и чтобы потом я смогла найти для себя работу. Хотелось, конечно, чтобы будущая специальность помогла мне в саморазвитии, изучении различных программ, иностранных языков, чтобы впоследствии я могла повысить квалификацию, а получить профессию, чувствовала бы, насколько она важная и востребованная. Важно также, чтобы и процесс обучения был интересным.

Я решила стать учителем. Учитель, педагог, наставник – это не профессия, а скорее призвание. Ведь не каждый может стать великим поэтом или актером. Не каждый может стать и настоящим учителем.

Профессия учителя связывает воедино способность к общению, пониманию и знанию человека. Естественно, педагог не только передает обучающимся свои знания, но и формирует у своих воспитанников осознание важности и необходимости преподаваемого им предмета. Ведь если учитель не докажет, насколько нужен человеку тот или иной предмет, ребенок не будет иметь желания его изучать. Следовательно, роль учителя в образовании и воспитании человека, несомненно, огромна. Умение доказать необходимость предмета столь же велика, как и понимание учителем каждого ученика. Из этих тезисов складывается сложная и разносторонняя личность учителя. Он должен уважать каждого маленького человека, понимать, что ребенок – это личность, которая имеет такие же права, как и взрослый член общества.

Учителя должны направлять детей на правильный путь, должны помочь им не заблудиться на дорогах жизни, должны воспитать их. Именно такими людьми и являются педагоги. Они учат ребенка не только общедоступным вещам, но и учат понимать самого себя, свою душу.

Профессия учителя привлекает меня тем, что она благородна. Я думаю, чтобы стать учителем, надо много работать над собой, самосовершенствоваться. Человек жестокий, властный, эгоистичный не может быть учителем. Но им не может быть и сухой, пассивный, замкнутый только на себе, на своих интересах человек.

Быть учителем для меня – значит быть человеком творческим, индивидуальным, постоянно стремящимся к человеческому контакту с учениками, с богатым внутренним миром и неистощимой жизненной энергией.

Дорогие студенты! Не бойтесь ставить перед собой самые смелые цели! Реализуйте ваши творческие и научные планы! Пусть студенческие годы пройдут легко, беззаботно и оставят приятные воспоминания на всю жизнь.

Молдир КАЛАГАНОВА,
студентка 1 курса специальности
«Педагогика и методика начального обучения»

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Сансызбаев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Мутиева
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #885 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана